

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қамау түріндегі жазалау, сондай-ақ өмір бойы бас бостандығынан айыруды қолданысқа енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 1094 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қамау түріндегі жазалау, сондай-ақ өмір бойы бас бостандығынан айыруды қолданысқа енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қамау түріндегі жазалау, сондай-ақ өмір бойы бас бостандығынан айыруды қолданысқа енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 212-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат, 2002 ж., N 18, 158-құжат):

4 - б а п т а :

"жазалар" деген сөз "жаза" деген сөзбен ауыстырылсын;

", сондай-ақ өмір бойы бас бостандығынан айыру" деген сөздер алынып тасталсын;

"жазалаудың осы түрлерін" деген сөздер "жазалаудың осы түрін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бірақ" деген сөзден кейін "2003" деген сандар "2008" деген сандармен ауыстырылсын;

"2003 жылғы 1 қаңтардан бастап" деген сөздерден кейін ", өмір бойы бас бостандығынан айыру туралы ережелері 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодексін күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына : (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 338-құжат, 2000 ж., N 6, 141-құжат):

4 - б а п т а :

"бостандығын шектеу және" деген сөздер алынып тасталсын;

"жазалар" деген сөз "жаза" деген сөзбен ауыстырылсын;

"жазалаудың бұл түрлерін" деген сөздер "жазалаудың бұл түрін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"2003" деген сандар "2008" деген сандармен ауыстырылсын;

", бас бостандығын шектеу түріндегі жаза туралы - 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап, өмір бойы бас бостандығынан айыру туралы - 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі" деген сөздермен толықтырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті